

Қорытынды және болашақ даму жолдары

Павлодар қаласы № 9 сәбилер бақшасы КМҚК

1. Балабақша штаттық кестеге сай 100% педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілген. Педагогтардың біліктілігін арттыру үшін болашақ жоспар құрастырылған. Барлық ұстаздар біліктілік арттыру курстарнан өткен. Жоғары мектепке дейінгі тәрбие білімі бар тәрбиешілер – 2, арнайы мектепке дейінгі тәрбие – 4, 3 тәрбиешіде алғашқы арнайы білімі бар. Барлығы: 75% құрайды.
2. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланы психологиялық-педагогикалық қолдау және дамыту үшін балабақшада жасалған жағдайлар жеке білім беру бағыттарымен бейімделген бағдарламаларды іске асыру шеңберінде жүзеге асырылады.
3. Балалардың заттық дамыту орталығы оның дамуындағы баланың қауіпсіздігі мен психологиялық саулығына сәйкес ұйымдастырылады, бұл өздігінен білім алу қабілетінің дамуына оң әсер етеді. Оқу-тәрбие процесі ойын және дидактикалық материалдармен қамтамасыз етілген. Материалдық-техникалық база санитарлық нормаға сәйкес
4. Мемлекеттік стандартқа сәйкес мектепке дейінгі оқу-тәрбие жұмысын қамтамасыз ететін құжаттар құрастырылып бекітілген.
5. Тәрбиеленушілердің қалыптасқан білім дағдыларының деңгейі мектепке дейінгі тәрбие мен оқығудың мемлекеттік стандарттың тізбесіне сәйкес келеді.
6. Педагогтармен тәрбиеленушілердің халықаралық, республикалық байқауларға қатысу деңгейі өсті.

Мектепке дейінгі мекеменің болашақ даму жоспары:

I. Педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру:

1. 2022-2027ж. «Мектепке дейінгі білім беру және оқыту» мамандығы бойынша жоғары білім алуды жоспарлау.
2. Педагогтарға инновациялық қызметке жағымды жағдай жасауды қалыптастыру.
3. Педагогтардың кәсіби деңгейін арттыру мақсатында оларды тәжірибелерді, баспаларды, ғылыми жобаларды қортындылау жұмыстарына қатысуын ынталандыру.

II. Тәрбие және білім сапасын арттыру:

1. Білім беру қызметтерінің аясын кеңейту, заманауи білім беру құзыреттілігін дамыту, оқу үдірісінің қолжетімділігін, жан-жақты қауіпсіздігін, оқу үдерісі үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ететін инновациялық орта.
2. Балалардың оның ішінде денсаулығының ерекше білім беру мүмкіндіктері бар балалардың жан-жақты дамуы мен өзін-өзі жүзеге асыру үшін, оларға жалпы білім беретін бағдарламалар әзірлеу.
Педагогикалық процесі ұйымдастыруға заманауи білім беру технологиялары мен кіріктірілген оқыту, мнемотехника әдістерін еңгізу.

III. Инклюзивті білім беру жұмыс жүйесін ұйымдастыру және қамтамасыз ету.

1. Жеке білім беру бағыттары мен бейімделген бағдарламалар арқылы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеуде педагогтар мен ата-аналардың психологиялық-педагогикалық

мәдениетінің деңгейін көтеру.

2.Инклюзивті білім беру бойынша педагогтардың арнайы курстан өтуі.

IV.Тәрбиеленушілердің салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру.

1.Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту жөніндегі жұмысты жетілдіру.

2.Педагогикалық процесті ұйымдастыруға педагогтың бала денсаулығына әсер ететін барлық аспектілерін ақпараттық, психологиялық, биоэнергетикалық (денсаулықты сақтау және ынталандыру технологиялары) қамтитын педагогикалық технологияларды енгізу, салауатты өмір салты және т.б.

V. Жалпы азаматтық құндылықтарды патриоттыққа, толерантыққа тәрбиелеуде отбасы мен балабақшаның рөлін арттыру.

1.«Мәңгілік ел» жалпы ұғымдық идеямен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде бірлескен іс-шаралар, мерекелер өткізу, нысандарын жетілдіру.

2.Қаланың мәдени орталықтарымен, мұражайлармен ынтымақтастықта болу.

Шешім:

1.№ 9 сәбилер бақшасы штаттық кестеге сай 100% педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілген. 9 педагогта «Мектепке дейінгі білім беру» мамандығы бар. Өзін-өзі бағалау. «zhaqsy»

2.Материалдық-техникалық жағдай санитарлық нормаларға және нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес, топтарда дамыту, бес білім беру саласын біріктіру принципінен ескере отырып, типтік оқу жоспарына сәйкес психологиялық-педагогикалық, эстетикалық, санитарлық-гигиеналық талаптарға сай құралды.

Өзін-өзі бағалау. «zhaqsy»

3.Балабақшаның оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыру процесі мемлекеттік жалпы білім беру стандартына сәйкес.

4. Тәрбиеленушілердің қалыптасқан білім дағдыларының деңгей мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандартының тізбісіне сәйкес келеді.

Өзін-өзі бағалау. «uzdik»

5.Педагогтармен тәрбиеленушілердің халықаралық, республиканың байқауларға қатысу деңгейі өсті.

Өзін-өзі бақылау. «zhaqsy»

Павлодар қаласы № 9 сәбилер бақшасы КМҚК басшысы *Мерген* - А.К. Кәрімжанова

